



Қ.А.ИАССАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 наурыздағы N 273 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1482 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1482 қаулысымен.

Қожа Ахмет Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетін құру туралы Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы үкіметтерінің арасындағы келісімге, Қазақстан Республикасының "Жоғары білім беру туралы" Заңына және Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Жарғысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасынан Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетіне Өкілетті Кеңестің құрамы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Өкілетті Кеңеске Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетіне жалпы басшылық жасау жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылдан бастап Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетін (құрылымдық бөлімшелерді: М.О.Әуезов атындағы педагогика институтын, политехника және медицина колледждерін қоса) жеке нормативтер бойынша тікелей қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 15 наурыздағы
N 273 қаулысына
Қосымша

**Қазақстан Республикасынан Қ.А. Иассауи атындағы
Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Өкілетті Кеңесінің
құрамы**

Жұмағұлов - Қазақстан Республикасының Білім және
Бақытжан Тұрсынұлы ғылым министрі, төрағаның орынбасары

Құрманғалиева - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Аида Дәденқызы сақтау вице-министрі
Пірәлиев - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Серік Жайлауұлы министрлігінің «Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті» республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының ректоры
Мыңбай - Қазақстан Республикасы Президентінің
Дархан Қамзабекұлы Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің
меңгерушісі (келісім бойынша)
Т а ш и м о в Л е с б е к

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚРМҚ-нің 1994.05.16 N 525, 1994.01.08
N 136, 1995.04.10 N 439, 1995.12.26 N 1862, 1996.05.17 N 611, 1998.02.26 N 149,
2001.07.14 N 957, 2001.11.26 N 1516, 2002.04.20 N 453, 2003.01.09 N 001,
2003.06.11 N 562, 2004.05.28 N 590, 2005.05.12 N 446, 2006.06.13 N 541,
2 0 0 7 . 0 6 . 0 5 N 4 5 9 ,
2008.01.28 N 74, 2011.03.04 N 223 Қаулыларымен.